



Әлем жаулаушысы

Әлемдердің жаулаушысы ,
Сан ақынның жырлаулысы ,
Мәуренахр мақтаулысы,
Көк тәңірдің жақтаушысы!

Арнадым бір өзіңе таңданып быр
жырымды ,
Ақ парақпен қара қаламға жазып
сырымды ,
Жеткізейін ғажайып таңданысқан

қырымды,
Әділ билеуші деген ұлы ұғымды!

Қандай болады билеуші деген
лауазымның иесі?
Көзін байлап қорадағы майлы
жылқы менен түйесі,
Жұғып бетке надандықпен,
арсыздықтың қара күйесі ,
Ұрмай мекен сол әр сәт аңсаған
билігінің киесі?

Әлде адал жан болғанба екен
халқын сүйген?
Соңғы дем қалғанша ел үшін отқа
күйген ,
Жоқшылықта жұртымен бірге
кебін киіп,
Жұрт азабы шынында жүрегіне
тиген.

Сан ұлыстар мен шеттегі

аймақтарды ,
Кәрі менен жас өспірім
қаймақтарды ,
Біріктіріп бір мәмілеге салғандай ,
Жалғыз мемлекет жүгін мойынға
алғандай

Жаһұт тұлға ол жарқырап ,
асқақтаған ,
Жарлы көз жасынан жастық
жастанбаған,
Өз міндетінен қашып өзгеге
артпаған ,
Адал достықты еш уақытта
сатпаған!

Қиыннан қиылыстырып жол
табатын ,
Қорғаған әр біріңді жаулардан
шағатын ,
Есептеп білетін әр минут , сағатын
Кеңейткен біліммен ақыл ой

санатын

Дәл мұндай шыдамды жоқ шығар
адам дейсіз ,
Расында бүгінде көп билік құмар
мисыз,
Уәдемен құнын қашырып,
құнсызданып
Отырған болар билікте , бырақ
сыйсыз
Сенесіз бе білемін сондай бір
жанды билік еткен,
Діні Ислам, мұсылман болған
болатын асыл неткен
Жарқылдайтын соғыстарда сұсты
болып, жауға кектен
Шықпайтын арамдыққа
салыныпта , адамдық шеттен

Шыққаны Түркіленген барлас руы ,
Тарқамаған бойынан жалын буы,
Әділдік дағы биіктегі туы ,

Тарағайдай сыншы-шыншыл би
ұлы

Табанына тиген тікен, жүрегіме
қадалсын деген жақын
Балбыратып бесігін күндіз, түні
тербеткен Текина-хатун
Арнайы әлдиін , бар ғұмырын
баласына сарп еткен
Өсірген әміршіні , бағалаймын дәл
осындай әйел затын

Мың үш жүз отыз алтының
сәуірінде,
Ұлы дүрбелең азулы дәуірінде ,
Жалғанды алғаш көрген Кеш
қаласында ,
Шахрисабзда, Самарқанның
даласында

Кей аңыз желісі бойынша ,
Көп халықтың паймы ойынша ,

Туылған қолына уыстап қан,
Бөлекше шашы ақ түсті жан

Жігітке жеті өнерде аз бүгін ,
Меңгерген түрік, тәжік парсы тілін ,
Тарихиқа құлағын құйып өскен ,
Табалмассыз отты ердің мінін!

Медреседе білім нәрімен
сусындаған ,
Кез болмаған ол оқуға
құлшынбаған ,
Ғұламалардың ізінен еріп
қалыспай ,
Тоғыз жаста бес уақыт
құлшылықта

Қашқадариядан билігін бастап еді,
Мауренахрга кезек келді жайлап
енді,
Билікке қылышын сүйреп Темір
келді ,

Тоғлұқ пенен ұлдарын жауы қып
сенді.

Жаймен деп Моғолстанға қарсы
күш жинады,
Алам деп қалайда жұртын қатты
қинады,
Қаншама әскер жоқ болып, қала
қирады
Сонда да жеңем деп өз өзіне
сыймады.

Білемін барыңды, нарыңды
салдың сол бір шайқасқа,
Екі саусағың кесіліп , аяқты бердің
айқаста,
Жаншылған мүшең шыдатпастай
сырқырап, ауырып,
Мәңгілік дертпен сауықпастай ,
айналдың науқасқа
Сұрапыл, қанпезер майдан кімді
аяған?

Өкінесің барғаныңа жылы ұядан ,
Лауазымға сыйпап қарамайды
пысқырып,
Тіпті патшаңды да табанына сап
аяман

Қойсада нысанаға бар назарын ,
Білмейді ешкім тағдырға не
жазарын,
Қолы жетпей, арманы түске
айналып,
Неден деп, терең ойда қалды
қиналып

Еске алайық оқиғаны сол
бұрынғы ,
Темір бала нені жеңіп, неге
ұрынды ,
Қай жерден мүлт кетіп , қателесіп
жығылды
Бастайық ендеше басынан неден

бүлінді?

Бай, кедей кімнің болса да белгілі
бар билікке таласы ,
Бірақ болады екен пенде ішінде
арамдық, аласы ,
Сан адам арасынан Тоқтамыстай
таңдадың қу түлкіні,
Өзің әкеп билікке соғысқаның
келтіреді күлкіні

Қанша бақсаң да арам бөлтірік
адал ит болмайды ,
Жақсылық өткенімен , көңілі саған
еш толмайды ,
Жүгенсіз қожайынды ұмытып,
айтқанды қылмайды ,
Сен керек болмағанда, өз аяғыңа
шауып, талайды.

Көрсетеді ол саған көресіні,
Бір Құдай ғой бәрінің төрешісі ,

Екі аяғы аспаннан келер әлі,
Болғанымен ол қазір көп төресі.